

## Тақырыбы: Мемлекеттік тіл

Сынып:3ә



**Мақсаты:** Оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін ояту,туған тіліміз туралы білімдерін кеңейту,тіл мәртебесін көтеруге өз үлестерін қосуға баулу.Тілдің қоғам өміріндегі маңызын ұғындыра отырып,шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Дамытушылық:** тілін,ой-өрістерін,ойлау,сезіну,топпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.

**Тәрбиелік:**Туған тілімізге деген сүйіспеншіліктерін оятып,өз тілдерінде таза,жатық сөйлеуге,тіл мәртебесін арттыруға үлес қосуға,бәсекеге қабілетті болуға баулу.

**Көрнекіліктері:** Нақыл сөздер,Тіл туралы заң, ақын –жазушылардың тіл туралы пікірлері, мақалдар,сайыстық тапсырмалар.

**Типі:** сайыс сабақ.

**Әдіс-тәсілдері:** баяндау, ой қозғау, сұрақ-жауап, ой қорыту.

**Сайыс барысы:** 1.Алғашқы ұйымдастыру кезеңі.

Сынып оқушылары сурет таңдау арқылы топқа бөлінеді.

Психологиялық дайындық.

Жүрек ұсыну арқылы «- Сенің маған ... қасиетің ұнайды»- деп айтып шығады.

**Мұғалім:** Біздің Отанымыз-байтақ та,бай,сәулетті, егеменді ел.Елімізде қаншама ұлт өкілдері тұрады. Әр ұлт өкілдерінің өз ана тілі бар.Тіл -халықтың басты қасиетті байлығы. Ана тілі адам бойына ана сүтімен еніп, бойына тарайды.

1997 жылы 11 шілдеде біздің Республикамызда «Қазақстан Республикасының тіл туралы» заңы қабылданды.Олай болса сол заңның кейбір баптарын еске түсіре кетейік.

Заңның 4- бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі –қазақ тілі делінген. Қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу,іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру әрбір Қазақстан Респубикасы азаматының парызы.

Ал заңның 5 - бабында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады делінген.

6 - бапта ҚР азаматының ана тілін қолдануына ,қарым-қатынас,тәрбие,оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар делінген.

22 қыркүйекте біздің республикамызда Қазақстан Республикасы халықтарының тілі күні мерекесі атап өтіледі.

Орыс тілін түсінемін ,білемін,

Шет тілін де жаттап оқып жүремін,

Ата-бабам қастерлеген жанындай

Ана тілім-менің нағыз жүрегім -дей келе тіл мерекесіне арналған сайысымызды ашық деп жариялаймын.

**М:** Қазылар орнықтырар әділдікті, кімдердің жауаптары кәміл шықты,

Білім мен тапқырлықтың сайысында, жеңіске жетер дейміз нағыз мықты дей отырып әділқазы мүшелерімен таныстырып өтейін.

Сайыс 6- бөлімнен тұрады:

Әрқашанда білім көптік етпеген, талапсыз жан мұратына жетпеген.

Сәлем бердік ұландарға талапкер, дос көңілден, адал таза жүрекпен –дей отыра «Таныстыру» кезеңіне өтейік.

I, II топ топтың атын, ұрандарын айтады.

М: халықтың қуаты –тілдің қуаты. Біз ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдердің біріне айналдырамыз. Ендеше «Сұраққа жауап табайық, ақылдырақ болайық» Ширату сұрақтарына кезек берейік.

1. Қ.Р тіл туралы заңы қай жылы қабылданды? (1997 ж)

2. Тіл дыбыстары нешеге бөлінеді?

3. Таз адамға керек емес нәрсе? (тарак)

4. Сандық ішінде әлемдегі заттардың бәрі бар. Тек не жетіспейді деп ойлайсыз? (бос орын)

5. Сөйлеудің неше түрі бар?

6. Инемен құдық қазғандай тіркесінің мағынасын айтындар? (қиын)

7. Тіл мерекесі қай күні тойланады?

8. Қара мысық үйге қай кезде кіре алады? (есік ашық тұрғанда)

9. Абай атамыз айтқан 5 асылды атап бер?

М: Ана тілі-жүрегісің анамның, жүрек ана-мен өзіңнен тарадым.

Сағат сайын саулығыңды тілеймін, сенсіз маған керегі жоқ ғаламның -дей келе «Мәнерлеп өлең оқу» бөліміне көшейік.



М: Тілім менің ең бірінші байлығым, тілім менің арқа сүйер айбыным,

Тілім менің сен арқылы сезінем, шабытымның шалқар сезім айдынын –дей келе

«Сөз шығару» кезеңіне өтейік. Бейнелі тақтада берілген жасырын бейнені тауып, мақал, әңгіме, жұмбақ құрастыру.



М: Ана тілі ой өсіреді, ана сүті бой өсіреді - дей келе "Топтық сайысқа" кезек берейік

Мақалдың жалғасын жазу.

Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.

М: Ана тілім арың бұл, ұятың боп тұр бетте ,

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте -дей отырып «Кім жылдам бөліміне өтеміз. Берілген жұмбақтардың жауабын үш тілде айтып беру.





1 топқа: Тілі жоқ өзінде,сөзі жоқ ізінде.  
(қалам,ручка,пен).

( Қате жазып жаңылсаң,тазалайды ол барын сап.(өшіргіш,стерка, )

Ол сыныптың анасы,өзінің де өзгенің баласы ,оның баласы? (мұғалім,учитель,тича)



2 топқа: Сансыз ойлар бетінде,сайрап жатыр бар тілде,

Керекпін мен әр күнде.(кітап,книга,бук)  
Жазу,жазып жалықпаған,жаза-жаза арықтаған .  
(бор,мел, ) Тілдерімен жүреді,уақытты біледі  
(сағат,часы, клок)

М: Сөзжұмбақ шешу:

М: Атаның сөзі-ақылдың көзі,

Ойна,ойна,ойна да ,ойла бөліміне кезек берейік.

Ойын: Бір сөзбен айт.

1 топқа: Қарындаш,өшіргіш,қалам- оқу құралдары.  
Нан,тоқаш,шелпек,бауырсақ-үн тағамдары.

Қар,мұз,жел,аяз-табиғат құбылыстары.

2-топқа: Моншақ,алқа,білезік,сақина- әсемдік бұйымдары.



Дүйсенбі,сейсенбі,сәрсенбі,бейсенбі -апта күндері.

Астана,Алматы, Ақтау-қала атаулары.

М:Тілім менің өмірдегі намысым,тосар мені өмірімде әлі сын,

Сен жасасаң мен де шатпын өлгенше,сен қымбатсың өз халқыңның бағы үшін деп жырлағандай туған тіліміздің мәртебесі жоғары болсын.

Көңіліңді ашатын,шаршауыңды басатын,

Әнге кезек берейік,өнерлерін көрейік- Өнер көрсету бөліміне кезек береміз.(әр топ ән,би т.б өнер көрсетеді)

Қорытынды бөлім: Әділ қазы алқасына сөз берейік,кім жеңгенін бұл сайыста көрейік- сайыс қорытындысын тындау.

Мұғалім: Халық тілінің мол байлығын жазба әдебиеттерде бірінші рет мазмұнын байыта отырып,молынан пайдаланған адам -Абай Құнанбаев. Ал Мұхтар Әуезов «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін ,өзінің әдебиетін сыйламаса,бағаламаса,оны сауатты,мәдениетті адам деп санауға т болмайды» деген екен.Ендеше құрметті қонақтар,оқушыларр ана тілімізді құрметтеп,қастерлейік. Тіл мерекесі құтты олсын,Тәуелсіздігіміз мәңгілік болып,еліміз,жеріміз гүлденсін. Тіл мерекесі құтты болсын,Тәуелсіздігіміз мәңгілік болып, еліміз, жеріміз гүлдене берсін!